



**Турехулов Д.А.,
Ерали Ә.**

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАРҒА
ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМА**

*В данной статье рассматривается
правовое положение акционерных
обществ в РК.*

*Legal position of joint stock companies in
RK is considered in this article.*

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері нарықтық экономикаға көшкеніміз жалпыға мәлім. Нарықтық экономика адал бәсекелестікке негізделген кәсіпкерліктен құралады. Қазақстан халқы алдына кәсіпкерлікпен айналысудың кең мүмкіндіктері ашылды. Кәсіпкерлік қызметті кез-келген ұйымдық-құқықтық нысанда жүзеге асырылуы заңдармен қамтамасыз етілді.

Сонын ішінде акционерлік қоғам дүниежүзілік экономикада кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың ең тиімді және кең таралған ұйымдық құқықтық нысаны болып табылады. Мұндай қоғамдардың пайда болуын кең көлемді бірыңғай қызметті жүргізу үшін капиталдарды біріктіру қажеттілігімен туған өндірістік күштердің дамуының объективті процесі деуге болады.

Акционерлік қоғам – бұл жеке меншіктің даму және өзгеру процесінің, өндіріс ауқымының дамуының белгілі бір сатысында технология деңгейінің, қаржы ұйымдастыру жүйесінің акционерлердің ерікті қатысуына негізделген өндірісті ұйымдастырудың жаңа нысаны. Акционерлік нысан көптеген тұлғалардың, тіпті кез-келген себеп бойынша өздері кәсіпкерлік қызметпен айналыса алмай-тындардың да, капиталдарын бір кәсіпорынға тартуға мүмкіндік береді. Акционерлік қоғамның кез-келген заңды тұлғаға тән өзінің окшау мүлкі бар және сол мүлкімен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, сотта талапкер не жуапкер болады. Мұндай қоғам келесідей белгілерімен ерекшеленеді:

- тең, еркін айналыста болатын, капиталдың – акцияларға бөлінуі;
- қатысушыларының жауапкершілігі олардың осы қоғамның капиталына енгізілген жарналарымен ғана шектелеуі;
- қоғамның қатысушыларының санын және акционерлік капиталдың көлемін оңай өзгертуге болатын жарғылық нысанда болуы;
- жалпы басшылықтың осы кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган, яғни басқармадан (дирекция) бөлінуі;

Акционерлік қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады [1.2]. Қоғамның өз акционерлерінің мүлкінен окшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде ғана жауап береді. Акционерлік қоғамның ұйымдық-



құқықтық нысанында коммерциялық емес ұйымдар құрылуы мүмкін. Акционерлік қоғам құрылтайшыларының енгізетін капиталдарының бірігуі арқылы құрылады. Мүліктік базаны құру тәртібіне байланысты акционерлік қоғамды корпорацияларға жатқызуға болады, онда қатысушыларының мүлкі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында біріктіріледі. Меншік нысанына байланысты мұндай заңды тұлғалар кез-келген нысанда, мемлекеттік, муниципалдық немесе жеке меншік нысанында құрылуы мүмкін. Сондай-ақ аралас меншік нысанында да құрылуы мүмкін, яғни онда мемлекеттік үлес және жеке тұлғалардың үлесі болуы мүмкін.

Акционерлік қоғамның жарғылық капиталы оны құру кезеңінде оның мүлкімен қамтамасыз етілуі тиіс. Қоғамды құру процесінде оның қатысушылары өздерінің мүлкін арнайы келісім – қоғамның жарғысында көрсетілген шарттарға сәйкес біріктіреді. Осылай біріккен капитал негізінде акционерлік қоғам пайда табуға бағытталған қызметін жүзеге асырады. Қатысушының жарнасы ретінде ақша қаражаты, бағалы қағаздар, сонымен қатар кез-келген материалдық құндылықтар және де интеллектуалдық меншік құқығы болуы мүмкін. Әрбір қатысушының енгізген мүлкі қатысушыларының ортақ шешімімен ақшалай нысанға баламаланады. Ақшалай бағаланған қоғамның мүлкі жарғылық капиталды құрайды және ол белгілі- бір үлестерге бөлінеді. Осы үлесті иеленетінін дәлелдейтін куәлік акция деп аталады. Ал оның ақшалай баламалануы осы акцияның номиналды бағасы болып табылады. Осылайша акционерлік қоғам бағалы қағаздар рыногында айналысқа түсетін, анық мөлшердегі тең номиналды бағаланған акцияларға бөлінген, жарғылық капиталы болады. Қоғамның әрбір қатысушысы оның енгізген үлесіне барабар акцияны иеленеді.

Акционерлік қоғамның құрылтайшылары болып жеке немесе заңды тұлғалар болуы мүмкін. Егер акционерлік қоғамның құрылтайшысы бір адамнан көп болса, онда ол құрылтай жиналысымен құрылады. Сондай-ақ акционерлік қоғамның Қазақстан Республикасы үкіметі, жергілікті атқарушы органдары және Ұлттық Банкі құрылтайшылары болуы мүмкін. Заңнама сонымен қатар жалғыз тұлға қоғамның құрылтайшысы болуы мүмкіндігін қарастырған. Акционерлік қоғам құрылтайшылар жиналысы шешімімен немесе қоғамды бір құрылтайшы құрса онда оның жеке дара қабылдаған шешімімен құрылады. Құрылтайшылар жиналысында әрбір құрылтайшының бір даусы болады. Акционерлік қоғамның құжаттары болып оның құрылтай шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі) және жарғысы табылады. Акционерлік қоғамның құрылтай шарты – деп оның қатысушыларының еркін білдіретін, акционерлік қоғамды құру және оның қызметі туралы қатысушыларының келісімі. Акционерлік қоғамды құру туралы шарт нысаны жазбаша болады. Құрылтай шартында:

- оның құрылтайшылары туралы мәлімет;
- құрылтайшылар төлейтін акциялардың алдын-ала төлем мөлшері және оларды төлеудің мерзімдері мен тәртібі туралы мәлімет;
- құрылтайшыларының құқықтары мен міндеттері және қоғамды құруға байланысты шығыстарды бөлу, сондай-ақ құрылтайшылардың қоғамды құру жөніндегі қызметін жүзеге асырудың талаптары және т.б. мәліметтер болады [2.10].

Құрылтай шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі) әрбір құрылтайшының немесе оның өкілінің қол қоюы арқылы жазбаша нысанда рәсімделеді. Құрылтай шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі) нотариат куәландыруға тиіс. Ал қоғамның жарғысы оның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайтын құжат болып табылады. Қоғам жарғысына құрылтайшылар не оның өкілдері қол қояды.

Қоғамның құрылтайшылары жарғылық капиталды құрастырады және жарғылық капиталдың мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50 000 мың еселенген мөлшерінде болады. Қоғамның құрылтайшылары алдын ала енгізетін төлем мөлшері қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем болмауы тиіс. Оны құрылтайшылар қоғам заңды тұлға ретінде маемлекеттік тіркелген күннен бастап отыз күн ішінде толық төлеуге тиіс.

Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асырады, ол қоғамның және аффилирленген тұлғаларының аффилирленген тұлғасы болмауға тиіс. Осы акциялардың ұстаушылары ол бойынша дивиденд алуға құқылы. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе бағалы қағаздармен төленеді. Ал қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен төлеуге жол берілмейді. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеудің кезеңділігі қоғамның жарғысымен немесе



акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді. Дивидендерді төлеу төлем агенті арқылы жүргізілуі мүмкін, оның қызметіне ақы қоғам себінен төленеді.

Акционерлік қоғам өз қызметін органдары арқылы жүзеге асырады. Оның органдары төмендегілер:

- 1) жоғарғы органы – акционерлерінің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы органы – алқалы орган немесе қоғамның жарғысында көрсетілген атқарушы орган қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлға болып табылады [3.2].

Акционерлік қоғамның жалпы жиналысы жыл сайын өткізілетін - жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысы жарияланған акциялардың шығарылуы мемлекеттік тіркеуден өткізілгеннен және акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесі жасалғаннан кейін шақырылуы және өткізілуі мүмкін. Жалпы жиналыста қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді, аяқталған тиісті қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі мен қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері анықталады және акционерлерінің қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қарастырылады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналыс қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады. Ал кезектен тыс жалпы жиналысы директорлар кеңесінің немесе ірі акционердің бастамасы байынша шақырылады. Ерікті тарату кезінде кезектен тыс жиналысты тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Директорлар кеңесі қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Қоғамның қызметінің басым бағыттарын белгілейді және жарияланған акциялар шегінде оларды орналастыруды жүзеге асырады [4.5]. Директорлар кеңесінің атқарушы органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ жалпы жиналыстың шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ. Тек жеке адам ғана директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалады. Кеңестің мүшелерінің саны үш адам болуы және олардың үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Ал қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыруды қоғамның атқарушы органына жүктеледі. Ол алқалы немесе жеке-дара болуы мүмкін. Атқарушы органының мүшесі директорлар кеңесімен келісілген түрде ғана жұмыс істеуге тиіс. Директорлар кеңесі мен жалпы жиналыстың шешімдерін орындауға міндетті. Қоғамның лауазымды адамы өздерінің іс-әрекетіне келтірілген зиян үшін оның ішінде қателесуге алып келген ақпарат берудің тәртібін немесе көрінеу жалған ақпарат берген жағдайда акционерлердің алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында ірі кәсіпкерлік субъектілерінің басым көпшілігінің ұйымдық-құқықтық нысаны Акционерлік қоғам болып табылады, себебі дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей кәсіпкерлік қызметті осындай нысанда жүзеге асыру өте тиімді. Мұндай қоғамдардың құқықтық мәртебесін нақты айқындау, оның қызметін жүзеге асыруды реттейтін заңнаманы жетілдіру басты мәселе болып тұр.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Жалпы бөлім, 95-бап, 27.12.1997 жыл.
2. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы, 13.05.2003 жыл.
3. Басин Ю.Г. Юридические лица в Республике Казахстан. - Алматы, 1996.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне түсініктеме (жалпы бөлім), - Алматы, 1998.